Қарағанды қалалық мәслихатында

КӨШЕ МЕН АУЛА ТАЗА БОЛАДЫ

Жуырда VIII шақырылған Қарағанды қалалық мәслихатының кезекті XLIV сессиясы болып өтті. Оның күн тәртібіне 2025–2026 жылдардың күзгі және қысқы кезеңінде Қарағанды қаласының жолдары мен аула аумақтарын күтіп ұстау мәселесі қойылды.

Сессияны мәслихаттың төрағасы Алтынтөре Жангелдіұлы Бөкенов қысқаша кіріспе сөзбен ашып, жүргізіп отырды.

Сессияның жұмысына Қарағанды қалалық сайлау комиссиясының төрағасы Дастан Малдыбаев, Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары Рүстем Қожақапанов, Қазыбек би және Әлихан Бөкейхан аудандарының әкімдері, қалалық мемлекеттік мекемелердің, полиция басқармасының және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Қазыбек би ауданының әкімі Ералы Оспанов пен Әлихан Бөкейхан ауданының әкімі Досбек Күлекеев баяндама жасап, автомобиль жолдары мен аулааралық өткелдерді, соның ішінде қысқы маусымда тиімді күтіп ұстау мақсатында аудан аумақтары секторларға бөлінгенін, әр сектор бойынша мердігер ұйымдар анықталып, олармен тиісті келісімшарттар жасалғанын атап өтті. Қазіргі уақытта техника, құм-тұз қоспасы дайындалып, жол жұмысшыларының құрамы жинақталуда.

Аталған мәселе бойынша Қарағанды қалалық мәслихатының құрылыс, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Төлеген Әшімов қосымша баяндама жасап, қысқы кезеңде автомобиль жолдары, көшелер, аулалар, саябақтар, жаяу жүргіншілер өткелдері мен қоқыс жәшіктері маңайындағы аумақтарды сапалы тазалау бойынша мердігер ұйымдардың жауапкершілігін арттыру жөнінде тиімді шаралар қабылдау қажеттігін атап өтті. Сондай-ақ, ең алдымен денсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік нысандарға іргелес аумақтарды тазалауды қамтамасыз етуге, көктемгі су тасқыны қаупі жоғары секторларға ерекше назар аударуға шақырды.

Сессияда Қарағанды қаласының Қазыбек би ауданының әкімі Ералы Оспановтың және Әлихан Бөкейхан ауданының әкімі Досбек Күлекеевтің баяндамаларын тыңдай келіп, ақпаратты назарға алу туралы, оған қоса:

- мердігерлік ұйымдардың автомобиль жолдарын, көшелерді, аулаларды, бақжолдарын, саябақтарды, жаяу жүргіншілер жолдарын қысқы күтіп ұстау жөніндегі бағдарламаларды сапалы орындау, қоқыс контейнерлерінің жанындағы алаңдарды жинау жөніндегі жауапкершіліктерді арттыру жөнінде тиімді шаралар қабылдауы;
- шағын және орта бизнес объектілері үшін санитарлық паспорттарды енгізу мүмкіндігін қарастыру;
- қысқы мерзімде күтіп ұстау бағдарламасын іске асыру үшін қажетті барлық арнайы техниканың уақытылы шығуын қаматамасыз ету;
- көктемгі су тасқыны іс-шаралары басталғанға дейін қаланың жеке секторынан қарды уақытылы шығаруды ұйымдастыру;
- көктайғақ болған кезде мердігер ұйымдармен бірлесіп жолдарға, жаяулар жолы мен аулаларға құм мен тұз қоспасын уақытылы сеуіп отыруды жүзеге асыру;
- қардан тазарту және шығару жұмыстары жүргізілетін жерлерде осы жұмыстарды жүзеге асыруға жауапты мердігер ұйымның деректері көрсетілген паспорт орнату;
- денсаулық сақтау, білім беру объектілері мен әлеуметтік мекемелерге іргелес аумақтарды қардан тазартуды бірінші кезекте жүзеге асыру;
- жедел тазалау жұмысын жүзеге асру үшін мердігер ұйымдарға қосымша техника тарту;
- қосымша арнайы техника тарту жөнінде қосымша конкурстарды жүзеге асыру;
- депутаттарды, аудан әкімдерін және мердігерлік ұйымдарды қоса отырып, екі ауданның өзара іс-қимылы жөніндегі чаттар ашу;
- қар жинау орындарының жаңа поигондарын ашу жөнінде жұмыстар жүргізу көрсетілген шешім қабылданды.

«Қарағанды қаласының тұрғын үй инспекциясы» ММ-не үй маңындағы аумақтарды санитарлық таза жағдайда ұстау жөнінде ПИК, МИБ, ӘКЖ және қызмет көрсететін ұйымдар арасында жұмыстар ұйымдастыру;

«Қарағанды қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ-не қаланың бизнес субъектілері арасында іргелес аумақтарды санитарлық таза жағдайда ұстау мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

«Қарағанды қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ-не («Мәдениет және демалыс саябақтары басқармасы» КМҚК-не) қаланың саябақтары мен гүлзарларын санитарлық күтіп ұстауды тұрақты негізде қамтамасыз ету тапсырылды.

Сессияда сонымен қатар, Қарағанды қалалық сайлау комиссиясының төрағасы Дастан Малдыбаев 2025 жылғы 26 қазанда өткен Қарағанды қалалық мәслихатына сайлаудың қорытындылары туралы ақпарат берді. Сессияда Қарағанды қалалық сайлау комиссиясының төрағасы Дастан Малдыбаевтың ақпаратын тыңдап, назарға алу туралы шешім қабылдады.

Сайлау нәтижесі бойынша №8 бірмандатты аумақтық сайлау округі бойынша – 1969 жылы туған Төлеуов Ербол Уәлиұлы, №14 бірмандатты аумақтық сайлау округі бойынша – 1979 жылы туған Аданов Қуанышбек Бұланұлы депутат болып сайланды.

Осыған байланысты кезекті сессияда Қарағанды қалалық мәслихатының тұрақты комиссияларының дербес құрамын бекіту туралы 2023 жылғы 30 наурыздағы №8 шешіміне қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілді.

Сессияның жұмысын қалалық мәслихаттың төрағасы Алтынтөре Жангелдіұлы Бөкенов қорытындылады.

Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ

АКТУАЛЬНО

ДЕПУТАТЫ ГОРОДСКОГО МАСЛИХАТА РАССМОТРЕЛИ ГОТОВНОСТЬ КАРАГАНДИНСКИХ ДОРОГ К ЗИМНЕМУ ПЕРИОДУ

29 октября в конференц-зале городского акимата под председательством Алтынторе Букенова, председателя Карагандинского городского маслихата, прошла очередная сессия VIII созыва. Центральной темой заседания стало обсуждение состояния дорог и дворовых территорий города в осенне-зимний период 2025-2026 годов. Также были рассмотрены дополнительные вопросы, в том числе - официальное сообщение о результатах октябрьских выборов депутатов городского маслихата, которые состоялись 26 октября этого года.

Перед началом заседания Алтынторе Букенов напомнил, что на прошлой встрече была предварительно утверждена повестка дня, включающая в себя главный вопрос: «Содержание дорог и дворовых территорий города Караганды в осенне-зимний период 2025-2026 годов». Согласно процедуре, председатель предложил депутатам проголосовать за повестку в целом, что было единогласно поддержано.

Первым с докладом выступил аким района имени Казыбек би - Ералы Оспанов. Он детально представил информацию о подготовке района к зимнему периоду, акцентировав внимание на системе содержания дорог.

- Территория района имени Казыбек би по содержанию автомобильных дорог разделена на 12 секторов. В общей сложности это более 420 километров дорог, - отметил аким. - На каждый сектор назначена подрядная организация, с которой заключен трехлетний договор. На данный момент к зимним работам готовы 100 единиц спецтехники, но при необходимости мы можем увеличить количество до 200 единиц, как это уже случалось в прошлые годы в периоды сильных снегопадов.

Аким подчеркнул, что на зимнее содержание заготовлено более 17 тысяч тонн пескосоляной смеси, еще 11 тысяч тонн планируется заготовить дополнительно. Также он рассказал, что смесь проходит предварительную фильтрацию, чтобы не допустить попадания крупных камней на дороги.

-Работы будут вестись круглосуточно - в две смены, с общим числом сотрудников на зимний период до 300 человек.

Со вторым докладом выступил аким района имени Алихан Бокейхан Досбол Кулекеев, который проинформировал депутатов о готовности инфраструктуры своего района к зиме.

Председатель постоянной комиссии городского маслихата по вопросам строительства, транспорта и жилищно-коммунального хозяйства Толеген Ашимов акцентировал внимание на неудовлетворительном состоянии подъездных путей к школам, больницам и детским садам, особенно в период снегопадов. Он высказал предложение об усилении координации между подрядными организациями и жителями через создание WhatsApp-групп при акиматах районов, куда войдут представители коммунальных служб, депутаты маслихата

- Очень много нареканий вызывают подъездные пути к социальным объектам: особенно в зимний период. В первую очередь нужно чистить дороги к школам, больницам, детским садикам - подчеркнул Толеген Ашимов

Далее с подробной информацией о результатах выборов в Карагандинский городской маслихат, состоявшихся 26 октября 2025 года, выступил председатель городской избирательной комиссии Малдыбаев Д.Д. Он проинформировал депутатов и присутствующих об итогах голосования, подтвердив, что выборы прошли в соответствии с требованиями избирательного законодательства. В состав депутатов вошли: Толеуов Ербол Уалиевич - директор «Караганды Су» и Аданов Куанышбек Буланович - ректор Частного учреждения «Академия «Bolashaq».

Владислав Решеткин